

**"Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 68-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі екі ай мерзімде "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары екі ай мерзімде "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*